



## ОРТА МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жолдасбаева Алима,  
Молдабаева Лаура

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.  
А. Байсалбаев атындағы жалпы орта мектебі.

[alimazholdasbaeva087@gmail.com](mailto:alimazholdasbaeva087@gmail.com)

[laura\\_sultanova@list.ru](mailto:laura_sultanova@list.ru)

DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.15078194>

**Аннотация.** Мақалада оқу-тәрбие үрдісіндегі оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылады. Қазақстандық білім беруді модернизациялау тұжырымдамасы тұлғаның өмірлік көзқарасын қалыптастырудың жаңа әлеуметтік талаптарын айқындайды.

Оқу процесінде баланың жеке тұлғасын дамыту білім алуды және оқушының психикалық, жас және жеке ерекшеліктерін ескеруді болжайды. Сондықтан да айтып өткендей, сыни тұрғыдан ойлаудың қалыптасу процесін қарастыра отырып, бастауыш сыныпта оқушылардың жас ерекшеліктерін зерделеу қажет сияқты.

**Кілт сөздер.** білім беру, білім беру үдерісі, оқушы, сыни ойлау, үдеріс, педагогика, психология

Жасөспірім тұлғасын қалыптастыру–күрделі және мағынасы бір емес үдеріс: педагогикалық әсер, ережеге сай, өзін-өзі тәрбиелеудің белсенді субъектісімен кездеседі. Сондықтан, жас өспірімдермен жұмыс істей отырып олардың қандай үлгілер мен құндылықтарға бағдарланатынын, нені маңызды және мағыналы деп есептейтінін түсіну өте қажет. Жас өспірімдердің әдеби кейіпкерден бастап бейәлеуметтік ұстанымға ие адамға дейінгі өздеріне таңдайтын үлгі-нұсқалары өте маңызды. Ең бірінші көрінетін үлгілер, ербалаларда ересектік белгісі ретінде – темекі, бейпіл сөздер, қыздарда – шаш қою, бояну, өзінің сырт келбетіне, тартымдылығына шамадан тыс қарау. Талғамды дамытудың орнына өзінің сырт бейнесін үлгілерге сай қиыстырып келтіру бет-әлпеттің бірдей және форманың бірыңғай болуына алып келеді, ал баршаға белгілі деп саналатын нәрсені меңгеріп алу сөзсіз оны бағалау мен өзін-өзі бағалаудың формалды түрде қабылданған жеке өлшемі етеді, рухсыздық тудырады[1]. Өзін-өзі ұстау мәнері, сыртқы келбет – адамның мәдениетінің көрсеткіші және ішкі жайлылықтың маңызды шарты. Сондықтан киім талғамына тәрбиелеу (асыра әшекейлеп безендіру емес), адамға тән стильді, қозғалу мәдениетін қалыптастыру, адамдармен қарым-қатынас жасау мәнері тәрбиешілердің назарынан тыс қалмауы тиіс. Осы ретте жастардың талпыныстарына қатаң түрде шек қоюға болмайды. Мәселені шешудің негізгі



құралы – жеке мысал.

Еліктеуге бейімділік әр жастағы адамға тән, бірақ бұл бейімділікті әсіресе жастар көрсетеді. Олар тек сыртқы көрініске ғана емес, сонымен бірге олардың ішкі әлеміне де еліктейді. Мысалы ер балаларда нағыз еркектің үлгі-нұсқасы танымал болып саналады. Бұл үлгі бір жағынан, ерік-жігерді, күшті, ерлікті, төзімділікті, екінші жағынан достыққа және жолдастарға адалдықты қамтиды. Осы айтылғандардың ішінде ең маңыздысы күш болып табылады. Жас өспірім жолдастарының құрметін иелену үшін оны (спортта, күресте, төбелесте т.с.с.) көрсетіп қана қоймай, батылдық қасиеттердің танылуына өзінің де қатысты екенін жиі асырып көрсетеді. Осыдан жас өспірімнің мақтаншақтығы пайда болады.

Қандай-да бір нақты салада маңызды іспен айналысу және іс-әрекетте алынған білімді жүзеге асыру жас өспірімді әрекет пен өзін-өзі жетілдіру талаптарына өзінің сәйкестігін өз бетінше бағалау қажеттілігі алдына қояды. Осыған байланысты жасөспірім өзінің кемшіліктері мен артықшылықтарын ойлауға тырысады, алайда бағалаудың нақты өлшемдері, сонымен бірге психологиялық білімі жеткілікті болмағандықтан оған бұл мәселелерді өз бетінше шешу қиынға соғады. Бұл жағдайда оған бір жағынан, өзі туралы түсініктерге түзету енгізуге септігін тигізетін бірлескен қызмет, екінші жағынан оқушыға өзінің мәселелері мен қиындықтарын түсінуге қол ұшын беретін педагог көмектесе алады.

Жалпы білім беретін оқу орындарында бала тұлғасын дамыту оқушының білімін және психикалық, жас ерекшелігі мен жеке ерекшеліктерін ескеруді көздейді[2]. Адам қызметінің сипаты, оның сыни ойлау ерекшеліктері, оның мүдделерінің, қызығушылықтарының аясы, сонымен қатар әлеуметтік танылуы адамның жасына байланысты. Міне, сондықтан да сыни ойлауды дамыту үдерісін қарастыра келе негізгі мектеп оқушыларының жасының психологиялық ерекшеліктерін білу қажет.

Негізгі мектеп оқушысының жасы кіші және үлкен жасөспірім арасындағы орта кезең - 12-ден 15- ке дейін тербеледі. Бұл кезеңде оқуға деген талаптар өзгереді, жаңа оқу пәндері, жаңа мұғалімдер пайда болады, сондай-ақ балалардың өздері де өзгереді. Олардың көбісі сырттай да, мінез-құлқы да, пікірлері де, қоршаған әлемге, мектепке қатысты да барынша өзгеріске ұшырайды. Демек, сыныпта сыни ойлау ерекшеліктері бір-бірінен бірден өзгешеленетін балалар оқуы мүмкін.

Жас өспірімнің даму кезеңіне келетін болсақ жас ерекшеліктерімен тығыз



байланысты, олар тұлғаның қалыптасуына айтарлықтай ықпал етеді. Оқыту мен тәрбиелеуде басқаға қарағанда жас ерекшелігі ең қиыны болып саналады. Жас өспірімдік жаста балалық шақтан ересектікке өтеді және бұл психиканың күрделі қайта құрылуымен, адамдармен қарым-қатынас жасаудың ескі, қалыптасқан түрлерінің ауысумен, өмір мен іс-әрекет шарттарының өзгеруімен байланысты, осыған сәйкес ойлау да өзгереді.

Психология дәлелдегендей, жасөспірімнің әрекеттерінен туындаған жаңа қажеттіліктер мен оларды қанағаттандыру мүмкіндігі арасындағы; жасөспірімге қоғам, ересектер, ұжым тарапынан қойылатын көптеген талаптар мен жасөспірімдегі мінез-құлықтар арасындағы қайшылықтар жасөспірімді дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Бұл қайшылықтар психикалық дамудың едәуір жоғары деңгейін, іс-әрекеттің ең күрделі формалары мен түрлерін, тұлғаның бірқатар жаңа қасиеттерін қалыптастыру арқылы шешімін табады. Іс-әрекеттің бұл формалары мен түрлері сын тұрғысынан ойлауды дамытуға әсер етеді. Нәтижесінде жасөспірім психикалық дамудың анағұрлым жоғары сатысына өтеді.

Орта сыныптарға өтумен бірге оқу мазмұны өзгереді: мектеп оқушылары фактілер мен құбылыстар жүйесінен, олардың арасындағы қарапайым және нақты қатынастарды түсінуден ғылым негіздерінен жүйелі оқып-білуге өтеді. Ал бұл жасөспірімдерден мейлінше жоғары деңгейдегі психикалық қызметті – тереңінен талдап қорыту мен дәлелдеуді, дерексіз ұғымдарды қалыптастыру нысандары арасында ең күрделі және абстрактілі қатынастарды түсінуді, ерікті зейін мен есте сақтаудың анағұрлым жоғары деңгейін талап етеді. Оқудың, оқу қызметінің ескі формалары осы жаңа қажеттіліктер мен міндеттерге қайшы келеді[3].

Мектеп оқушысында оның қоғамдық ұстанымы, қоғамдық қатынастар жүйесіндегі жағдайы айтарлықтай өзгереді. Жасөспірімнің жаңа әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырылған және ынталандырылған әрекеті оның психикасының, оның тұлғасының дамуының негізі, шарты және құралы болып табылады.

Жасөспірім жасының шекарасы орта мектептің шамамен 5-8 сыныптарында оқумен сәйкес келеді, осы 3 жылдың ішінде бала ересек адам болып қалады, осы даму кезеңінің қиындықтары – өтпелі, қиын, өте қиын жас деген атаулардан аңғарылады. Болып жатқан өзгерістердің ауқымы маңызды және ағзаға, өзіндік сана-сезімге, танымдық және оқу қызметіне, адамгершілік ұстанымдарға байланысты. Жасөспірім тұлғасын дамытудың басты факторы –



оның ересектер әлеміне кіруіне бағытталған өзіндік әлеуметтік белсенділігі. Ағзаның жетілуінің қорытынды кезеңіне өту осы үдерістің іске қосылу механизмі болып саналады. Оның өзгеруі гипофиз қызметін, оның алдыңғы бөлігін белсендендіруден басталады, оның гормондары тіндердің өсуін және ішкі секреция бездерінің жұмыс істеуін ынталандырады. Бұл жабық гормоналды өзгеріс жасөспірімге тән өсуді және жаңа түйсіктердің, сезімдердің, күйзелістердің пайда болуына алып келетін жыныстық жетілуді қамтамасыз етеді. Физикалық дамудың жеделдеуі бұл үдерістерді қыздарда 11-12 жастан - 9-10 жасқа, ер балдарда 13-15 жастан 12-13 жасқа жылжытады. Жыныстық жетілудің басталу және оның аяқталу мерзімі түрлі жынысты балаларда ғана емес, тіпті бір жыныс аясында да әртүрлі. Осы жаста болып жатқан айтарлықтай сыртқы өзгерістерге қарамастан, ересектер ағзасының ақырғы қалыптасуы туралы айтуға ерте, себебі кейде функционалды бұзылушылықтармен, нашар көңіл-күймен және жылдам шаршағыштықпен қатар жүретін үйлесімсіз даму түріне алып келетін, жеке ағзалар мен жүйелердің әркелкі дамуы байқалады. Ақыл-ой және физикалық күш салу, әсіресе жүйкеге ұзақ күш салу және күшті кері эмоциялық күйзелістер жүрек-қан тамыр эндокринді жүйелер қызметінде функционалды бұзушылықтардың себебі болуы мүмкін. Негізінде эндокринді жүйенің қайта құрылуы жасөспірімнің жалпы қызбалығына, оның ашуланшақтығына, қозғалыс белсенділігіне, біршама сылбырлығына және селсоқтығына жиі себепші болады[4]. Бойдың әркелкілігі және ең бастысы сүйек пен бұлшықет жетілуінің сәйкессіздігі жасөспірімді ерекшелейтін әдеттегі икемсіздікке, дөрекілікке алып келеді. Бұл қозғалыс үйлесімінің уақытша бұзылуы денені игеруге қарай іске асады. Осы кезеңде аталмыш жастағы топқа тән барлық болып жатқан өзгерістерді, олардың қабылданған стандарттарға сәйкестігін немесе сәйкессіздігін жасөспірімдер сезінеді және қатты күйзеледі. Бұл жалпы қызбалықты ушықтыруы, тіпті психологиялық күйзеліске алып келуі мүмкін. Мұндай күйзелістер қарама-қарсы жынысқа, өзінің сырт келбетіне деген қызығушылықтың пайда болуына байланысты да күшеюі мүмкін. 5-6 сыныптарда ұлдар мен қыздардың назары тым өзгеше, өйткені жағдай біршама күрделі: қыздар бұл уақытта өздерінің жетілуінде әлі өздерін кішкентай бала сияқты ұстайтын балдардан әлдеқайда асып түседі. Ұлдар мен қыздар арасындағы достық өте жиі байқалады. 7-8 сыныптарда жағдай өзгереді, шынайы өзінділік алыстайды, өзара ынтықтық өте эмоциялы түрде аңғарылады және өмірде айтарлықтай үлкен орын алуы мүмкін. Романтикалық қатынастар



жалпы көңіл көтеру ретінде достық, жолдастық түріне қарай дамуы мүмкін. Қарама-қарсы жыныстағы қатар құрбыларға деген қызығушылық тұлғаның дамуына айтарлықтай көңіл бөлдіреді: басқа адамға, оның жағдайларына өзіндікіне секілді ықпал көрсетіледі, тұлғаның жақсырақ, мұқият, қамқор болу мүмкіндіктерін жұмылдыруға жағдай жасалады. 7-8 сыныптарда аралас компаниялар пайда болады, ал жалпы қарым-қатынас мектеп аясынан шығады және жасөспірімнің өмірі үшін бөлек, мейлінше маңызды, кейде оқу мен басқа жұмыстарды ысырып қоюға итермелейтінсаласына бөлінеді. Осы реттеқұрдастарымен араласуға және бірлесіп әрекет ету мен қабылданып, құрметті болуға ниеттену беталысы байқалады. Қарым-қатынастағы сәтсіздік, достықтың бұзылуы ауыр жағдай ретінде қабылданады. Жасөспірім үшін ең жайсыз жәйт – бұл ұжымның, жолдастардың шын айыптауы, ал ең ауыр жаза құпия бойкот, араласқысы келмеу. Өзінің оқитын немесе басқа ортасында қабылданбаған жасөспірімдер өзге, оның ішінде бейәлеуметтік топтардан сүйеу іздейді. Тұлғаның қалыптасуы бойынша жасы кіші жасөспірім қоғамшыл келеді. Балаларды өмір мен іс-әрекеттің топтық тәсілі қызықтырады, олар бірлескен қоғамдық пайдалы қызметке, ұжым өміріне белсене араласуғатартылады. Кез келген шарада олар бақылап тұрушы емес, қайраткер болып, белсенділік, дербестілік, бастама танытқысы келеді.

Жасөспірімнің ересектермен (ата-аналармен, мұғалімдермен) қатынастары күшті өзгерістерге ұшырайды. Жасөспірім өзінің жаңа құқықтарын ең алдымен олармен қарым-қатынас жасау аясына таратады. Ол ересектердің үзілді-кесілді талаптарына қарсы келе бастайды, оның өз бетінше әрекет етуін, түрлі қамқорлық танытуды, қадағалауды, оған кішкентайға қарағандай қарауды шектеуге қарсы наразылығын білдіреді. Ол оның қызығушылықтарын, қатынастарын, ой-пікірлерін, кейде олар ойға қонымды болмаса да ескеруін талап етеді. Жасөспірім өз бетінше әрекет етуге, тұлғаны сыйлауға деген құқықтарын кеңейте отырып көп жағдайда өзіне жаңа міндеттер алуға мүмкіндігі болмайды. Дербестілікті таныту қажеттілігі мен оны жүзеге асырудың нақты мүмкіндіктері арасында пайда болған қарама-қайшылық дау тудырушы фактор ретінде көрініс табады.

Үлкен жасөспірімдер өзін-өзі тәрбиелеуге талпынады, алайда ол мінез-құлықтарға (өзінің әсерін, іс-әрекеттерін реттеу, сабақтарды жоспарлау т.б.) байланысты. Әсіресе ерікті өз бетінше тәрбиелеу мәселесі алға жиі қойылады, десек те ұйымдастырмаушылық көбіне ұйымдастырылудың, жүйелі түрде жұмыс істеу ниеті мен бейімділігінің болмауына байланысты. Осы нәрсеге



үйрету–жасөспірімге өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамыту кiлтiн ұсыну деген сөз.

#### **Әдебиеттер**

1. Омарова Р.С. Төл оқулықтарымыз – болашағымыздың бағдары // Жаңа буын оқулықтары: қазіргі жағдайы, дамыту және басып шығару мәселелері. Конференция материалдары. – Астана, 2007. – 167-169 б.
2. Морозов А.В., Чернилевский Д.В. Креативная педагогика и психология. – М.: Академический проект, 2004. – 560 с.
3. Gilford D. Measurement of Creativity. Jn: Exploration in Ceeative. – NY, 197, h 281-2877
4. Чернилевский Д.В. Креативные аспекты становления образовательной системы. – М., 2007.– 376 с.